

Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 6С-12/3 "

Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы Степногорск қаласы және елді мекендер жер участелеріне жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату (төмендету) туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 6С-25/13 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 наурызда № 6482 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 510-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес, Степногорск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 6С-12/3 "Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы Степногорск қаласы және елді мекендер жер участелеріне жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату (төмендету) туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5641 болып тіркелген, 2017 жылғы 5 қантарда "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" аймақтық қоғамдық-саяси газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 510-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес, Степногорск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "жоғарылату", "(төмендету)", "жоғарылатылсын", "(төмендетілсін)", "төмендету" сөздері "арттыру", "(азайту)", "арттырылсын", "(азайтылсын)", "азайту" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі.

сессиясының төрагасы

A.Гетманов

Қалалық мәслихаттың
хатшысы

F.Көпееva

"КЕЛІСІЛДІ"

Степногорск қаласының
әкімі

Ә.Kүмпекеев

27.02.2018 ж.

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Ақмола облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Степногорск қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы"
Республикалық мемлекеттік
мекемесі басшысының
міндетін атқаруышы

P.Рамазанов

27.02.2018 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК